



Қош келдің,
студент

2
бет

Жаңа
мұра

3
бет

Өзекті
мәселе

4
бет

№08
(243) Қыркүйек
сентябрь **2024**

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

ҚҰТТЫҚТАУ

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұстаздар - ұрпақ тәрбиелеп қана қоймай, қоғамымызды қалыптастыратын, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, адамгершілік қасиеттерге, білімге және рухани құндылықтарымызды қастерлеуге баулитын мамандықтың төресі. Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақ» деп бекер айтпаған. Бұл сөздер ұстаз миссиясының маңыздылығы мен тереңдігін дәл айқындайды, өйткені жас ұрпақтың тек білім ғана емес, адамгершілік қасиетін қалыптастыру мұғалімге байланысты.

Еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті - ағартушылық және ұстаздық дәстүрді жалғастыратын жоғары білікті педагог мамандарын даярлау ісіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқанын ерекше атап өткен жөн. Біз үшін ел ертеңін біліммен қаруландырып, жас ұрпақтың бойына асыл қасиеттерді сіңіріп, олардың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп жүрген ұстаздардың мәртебесін көтеру - ең маңызды міндет. Болашақта жастарымыз Отанға адал қызмет етіп, мемлекетіміздің гүлденуі мен дамуына өлшеусіз үлес қосатынына кәміл сенемін!

Осы ерекше сәтті пайдалана отырып, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, шәкірті үшін адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі болып табылатын ұстаздар қауымына шексіз алғысымды білдіремін!

Ел келешегі жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру жолындағы еңбектеріңіздің жемісі еселене берсін! Дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға береке, шығармашылық жетістіктер тілеймін!

Құрметпен,
ректор Болат Тілеп

ҰСТАЗДАР КҮНІНЕ ОРАЙ

Ұстаздар жүректерге гүл екендер,
Бойына білім шоғын түнеткендер.
Шам жағып зердесіне сан шәкірттің,
Өмірдің жақсылығын жыр еткендер.

Ұйқысыз көзін түнде талдырғандар,
Кеудеге арман отын жандырғандар.
Сусындап білімменен бүршік жарды,
Талшыбық ұстаз күткен балдырғандар.

Нұрынан сәуле шашып адамдарға,
Өтпеген алдарыңнан адам бар ма?
Қарсы алып ізгі үмітпен қарайсыңдар,
Мектепті енді аттаған қадамдарға.

Шәкіртке талаптарың қатты болсын,
Еңбекте жемістерің тәтті болсын.
Тәуелсіз еліміздің ертеңі үшін,
Басталған игі істерің сәтті болсын!

Б. ҚАРАМАНАС

**ЕГЕР ӨМІР АЛТЫН БОЛСА, ЗЕРГЕРІ ОНЫҢ – МҰҒАЛІМ.
ЕГЕР ӨМІР ТЕҢІЗ БОЛСА, ГАУҒАРЫ ОНЫҢ – МҰҒАЛІМ.
ЕГЕР ӨМІР ЖҮЗІК БОЛСА, ОНЫҢ КӨЗІ – МҰҒАЛІМ.
ЕГЕР ӨМІР АҚЫН БОЛСА, ОНЫҢ СӨЗІ – МҰҒАЛІМ.**

АБАЙЛЫҚТАР ТӨЛ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТТІ

Абай атындағы ҚазҰПУ-да Ұстаздар күніне арналған «Білімнің шамшырағын жаққан - ұстаздар» салтанатты іс-шарасы өтті. Іс-шараның мақсаты - қоғамдағы педагог мамандығының мәртебесі мен беделін арттыру, сондай-ақ ұстаздарды құрметтеу дәстүрін, әсіресе жастар арасында насихаттау болды.



Салтанатты кештің ашылуында Басқарма төрағасы - ректор Болат Тілеп университет ұжымын келе жатқан Ұстаздар күнімен құттықтап, педагогтардың қоғамдағы маңызды рөлін және олардың білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесін ерекше атап өтті.

«Педагог - бұл тек тәлімгер ғана емес, жас ұрпақтың құндылықтары мен көзқарастарын қалыптастыратын болашаққа бағдар беруші. Ұстаздар жастарды жаңа белестерді бағындыруға шабыттандырады, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға және білім көкжиегін кеңейтуге көмектеседі. Олар жаңа білім беріп қана қоймай, қоғам өміріне белсене араласуға дайын, сенімді, мақсатты тұлғаларды тәрбиелеуге ықпал етеді», - деді ректор.

Іс-шара барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен К.Есенова, «Ахмет

Байтұрсынұлы» төсбелгісімен Ж.Ишпекбаев, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен Н.Ошанова, сондай-ақ «Тіл жанашыры» құрмет дипломымен Е.Оспанов, «Ғылым үздігі» құрмет дипломымен Ұ.Әбдіғаббарова, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздігі» құрмет дипломымен А.Смағұлова марапатталды. Білім беру саласының дамуына сүбелі үлес қосқан университеттің үздік оқытушылары мен қызметкерлеріне арнайы құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табыс етілді.

Ұстаздарға арналған концерттік бағдарламада белгілі әнші, қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Ақбота Керімбекова, сондай-ақ оқу орнының талантты шығармашыл жастары өнер көрсетті.

Баспасөз қызметі

ЖЕТІСТІК

УНИВЕРСИТЕТ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

1 қазанында Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми кеңесінің отырысында Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілеп ғалымдарды марапаттап, дипломдарды табыс етті.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының «Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойы» төсбелгісімен профессор С.Д. Әбішева, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі А.Е.Әбілқасымова, профессор В.Н.Косов, сондай-ақ Жас ғалымдар президиумының мүшесі ретінде университеттің зерттеу қызметі және инновациялар жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан марапатталды.

Сондай-ақ, ректор оқу орнының профессорлары Р.Б. Әбсаттаровты, Ф.Ш. Оразбаеваны, В.Н.Косовты, Ғ.К. Кенжебаевты және А.Т. Құлсариеваны «ҚР Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің толық мүшесі (академик) мәртебесін алуларымен құттықтады. Жиын барысында PhD дипломдарымен Э.А. Камбарова (6D060600), Р.У. Альменаева (8D01513), Д.С. Утепова (8D05302), Б.Т. Калиева (6D011400), Ғ.К. Астемес (8D01610), М.С. Нүрке (8D01301), А.У. Сатыбалдиева (6D011600) марапатталды. «Абай университетінің ғалымдары халықаралық аренада ғылыми әлеуетін нығайтуды жалғастыруда. Олардың жеткен жетістігі - көп жылғы қажырлы еңбек пен ғылымға деген адалдықтың жемісі. Біз ғалымдарымыздың жетістіктерін арқашан мақтан тұтамыз және олардың алдағы уақытта еліміздің де, әлемдік ғылыми қауымдастықтың да дамуына елеулі үлес қосатынына сенімдіміз», - деді ректор.

Ғылыми кеңес өз жұмысын жалғастырып, күн тәртібіндегі төрт негізгі және әртүрлі мәселелерді қарастырып, талқылады.

БАС МАҚАЛА

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛАҒАТҚА ТОЛЫ ҰЛЫ ІС



Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық қылған жалықпас, Үйретуден балаға, - деп хакім Абай айтқандай, қай дәуірде болсын ұстаздың қоғамдағы рөлі, ұстаз мәртебесі жоғары орында тұратыны ақиқат. Адам жанының нәзік қыр-сырын түсініп, шәкірт болмысын дөп басып танып, болашақтың бақшасына жеміс егетін де, мәуелі бақтың бағбаны болатын да - осы ұстаздың ұлағаты, шыдамдылығы мен шеберлігі, парасаты мен даналығы.

Жас буынның болмысына, жүрегіне тәрбие, білім, жалпыадамзаттық аксиологиялық ізгілік игіліктерін дарыту барысында ұстаздың ішкі жан дүниесіне тән және сыртқы келбетінен көрінетін асыл қасиеттері тоғысқанда ғана жеке тұлғаға ықпал ететіні жайындағы пайымды тұжырымдар әрбір заманда өзектілігін, құндылығын жоғалтпайтынын білеміз. Әрбір ұстаз өзінің білімі, білігі, жүріс-тұрысы, жайдары мінезі, тіпті сыртқы келбет, бейнесімен де шәкіртке үлгі болатын ұлағат иесі.

Халқымыздың біртуар перзенті, академик-жазушы Мұхтар Әуезов: «Мұғалімнің ұдайы жақсы оқитын балаларға ғана сүйсініп, ылғи соларды ғана оқытуы дұрыс емес», - деуі арқылы әр шәкірттің ешкімге ұқсамайтын әрі қайталанбайтын болмысы, тұлғалық ерекшелігі бар екенін есімізге түсіріп, оларды бағалауда бір-бірімен салыстырып, бірін артық, бірін кем санап, шәкіртті бөліп-жарудың адамдық әрі ұстаздық асыл қасиетке жатпайтынын тілге тиек етеді.

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі», - деген Алаш зиялысы Мағжан Жұмабаев қай қоғамда болса да, ұстаз мәртебесінің жоғары екенін, осы деңгейге көтерілу үшін әрбір ұстаз саналы ғұмырын сарп етіп, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, төрдегі орынға табандылықпен жететінін тереңнен тұжырымдаған. Алаш қайраткерінің өміршең нәм ғибратты бұл пайымын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қайта жандандырып, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына (30.12.2019 ж) қол қойды. Президент Қ.Тоқаевтың педагог мәртебесін заңмен бекітуі ақын М.Жұмабаев сынды Алаш арыстарының асыл арманының тәуелсіздік дәуірінде жүзеге асуы деп білеміз.

«TEACH FOR QAZAQSTAN» ҚОРЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

3 қазанда Абай атындағы ҚазҰПУ басшылығы «Teach for Qazaqstan» қоғамдық қорының өкілдерімен кездесті. Teach for Qazaqstan - білім берудегі тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған ұйым. Қордың негізгі мақсаты - ауылдық және қалалық мектеп оқушыларының сапалы білім алуына жағдай жасау. Бағдарлама аясында қатысушылар екі жыл бойы мектептерде сабақ беріп, балалардың білім деңгейін арттыруға, әлеуетін дамытуға көмектеседі.



Кездесу барысында тараптар педагогикалық білім беруді дамыту мен Нарбекова жаңа формациядағы педагогикалық білім беру сапасын арттыруға қатысты өзекті мәселелерді талқылау нәтижесінде өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

даярлауда жаңа перспективаларға жол ашады. Біз еңбек нарығындағы сұранысты ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңартуға және студенттерді заманауи білім беру стандарттарына сәйкес дайындауға ұмтыламыз. Бұл меморандум болашақ педагогтарды даярлау сапасын арттыруға және оқытудың инновациялық тәсілдерін дамытуға бағытталған маңызды қадам», - деді проректор.

Меморандум аясында тараптар келесі бағыттар бойынша ынтымақтастықты нығайтуды көздейді: кәсіби педагогикалық білім беру мазмұнын жаңартып, студенттерді белсенді педагогикалық қызметке дайындау; академиялық, ғылыми және педагогикалық қауымдастық арасында тәжірибе алмасу және оқу жоспарлары бойынша ынтымақтасу; заманауи талаптарға сәйкес педагог кадрларды даярлауға қатысты бірлескен жұмыстарды үйлестіру; ғылыми зерттеулер мен жаңалықтарды таратуда өзара ақпарат алмасуға қолдау көрсету. Абай университеті мен «Teach for Qazaqstan» қоғамдық қоры арасындағы меморандум елдегі білім сапасын арттыруға және педагогтардың біліктілігін арттыруға ықпал етеді.

Баспасөз қызметі

IC-ШАРА QOSH KELDIN student



Республика сарайында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 1 курс білім алушыларын студенттер қатарына ресми қабылдауға арналған «Qosh keldin, student» мерекелік кеші өтті. Ұйымдастырушы - университеттің Әлеуметтік және жастар саясаты жөніндегі департаменті. Іс-шараға университеттің 3000-ға жуық студенті, оқытушылары мен құрметті қонақтары қатысты. Салтанатты іс-шараның ашылуында Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілеп барша бірінші курс білім алушыларын студент атануларымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

«Сіздер еліміздің жетекші педагогикалық жоғары оқу орнына оқуға түсу арқылы ең құрметті мамандықтардың бірі - ұстаздық жолға алғашқы қадам жасап отырсыздар. Еліміздің болашағын қалыптастыратын, ағартушылық және ұстаздық дәстүрді жалғастыратын білікті маман иесі болады деп сенеміз. Алған білімдеріңіз бен біліктілік дағдыларыңыз тек педагогика саласының табысты маманы ғана емес, қоғамның дамуы мен мемлекетіміздің өркендеуіне үлес қосатын нағыз көшбасшы атануға мүмкіндік береді», - деді ректор.

Кештің маңызды сәттерінің бірі - Абай университетінің 1-ші курс студенті Ерасыл Қуантай педагог антын қабылдап, университет ректорынан «Студенттік билетті» қабыл алды. Педагог антын қабылдау - университет тарихында алғаш рет өткізіліп отыр. Бұл рәсім студенттердің педагогикалық кәсіби жауапкершілігін және ұстаздық жолдағы адалдықтарын көрсетуге ықпал етеді.

Мерекелік кеште университетіміздің студенттері өз өнерлерін көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Кеш қонақтарының қатарында Baytanat пен Dakelot өнер көрсетті. Эстрада жұлдыздарының өнерлері көрерменнің көзайымына айналып, ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«Qosh keldin, student» мерекелік кеші бірінші курс студенттері үшін білім жолының жарқын бастамасы болды.

Рақымберді ЖЕТІБАЙ,
Әлеуметтік және жастар саясаты
жөніндегі департамент директоры

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты ел дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» - деп хәкім Абай айтқандай, университетіміздің миссиясы озық әдістемелер, ұлттық мұра және әлемдік тәсілдер негізінде заманауи білім беру қажеттіліктерін алдын ала болжайтын педагогтерді даярлау болып табылады. Мемлекет басшысының Жолдауындағы «Ұстаздар - ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады» - демекші, мектептегі білім беру сапасы - мұғалімдерді даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарының көшбасшысы - Абай университетіне де тікелей қатысты. Биыл 6000-ға жуық студент Абай университетін таңдады, оның ішінде 4000-ға жуығы мемлекеттік грант иегері. Университетімізде педагогикалық мамандықтарға ұлттық бірыңғай тестілеуден 80 баллдан жоғары жинаған талапты, қабілетті талапкерлер ғана қабылданды. Бұл саннан сапаға көшудің айқын дәлелі.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБЕЛТТІ МАМАН ДАЯРЛАУ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



Жолдаудың бесінші бағытында «Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру қажет. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін береді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады» - делінген. Еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру ісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі де өте маңызды рөл атқаруда. Ғылым - кез келген елдің тірегі, адамзат дамуының серпіні болып табылады. Білім мен ғылымның қара шаңырағы Абай универ-

ситетінің даму бағдарламасына сәйкес 2029 жылға дейін университет педагогикалық Зерттеу университетіне трансформациялану жоспарлануда. Университеттің жоғары ғылыми кадрлық әлеуеті осы мақсатқа жету үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Университетте ғылыми жобаларды қаржыландыру жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2023 жылы өсім өткен жылмен салыстырғанда 51% құрады, ал 2024 жылы қаржыландыру 31%-ға өсті. Бұл ретте профессор оқытушы құрамының жобаларға қатысу үлесі шамамен 47% құрайды (317 ПОҚ, оның ішінде 70-тен астамы жас ғалымдар). 2024 жылы ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын жалпы сомасы 1,690 млрд теңгеге 72 ғылыми жоба, оның ішінде 1,3 млрд теңгеге 68 гранттық қаржыландыру жобасы және 478,1 млн теңгеге 4 бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, жалпы сомасы 350 млн теңгеге ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша 1 жоба іске асырылуда. Жекеменшік компаниямен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге келісім-шарт жасалды. Бұл жоба - Қазақстанда инновациялық өндірісті құру бағытындағы ғылым мен өндірістің табысты интеграциясының жарқын айғағы.

Жыл сайын университет жас ғалымдарды, профессорлық-оқытушылар құрамын және қызметкерлерді қолдап, олардың перспективалық идеяларын дамытуға өз бюджетінен қаражат бөледі. Жалпы сомасы 145 млн теңгені құрайтын 32 жоба университеттің өз қаражаты есебінен іске асырылуын мақтанышпен айта аламыз (ол жас зерттеушілерге арналған жобалар, халықаралық және республикалық ҒЗИ-мен интеграциялық жобалар).

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын қамтамасыз етуге жоғары тиімділікті көрсететін, сондай-ақ университеттің отандық және халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіндегі имиджін арттыруға ықпал ететін постдокторантура және зерттеуші-профессор бағдарламасы Абай университетінде 2019 жылдан бастап іске асырылуда. Бүгінде бағдарлама өз жемісін беруде, постдокторанттарымыз бен зерттеуші-профессор ғалымдарымыз ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын ғылыми жобалар мен халықаралық жобалардың жетекшілері мен орындаушылары.

Абай университетінің ғалымдары өздерін әлемдік деңгейде де сенімді түрде танытуда: халықаралық деңгейдегі ғылыми басылымдардағы жарияланымдарының саны мен сапасы артып келеді. Бүгінгі таңда университет ұжымы заманауи технологияларды батыл енгізе отырып, білім мен ғылымның өзекті мәселелерін шешуге белсене атсалысып, жаңа міндеттер қойып, оны университет пен ел игілігі үшін жүзеге асыруда.

Гүлзада БАЙМБЕТОВА,
ҒЗЖ және ғылыми кадрларды
даярлау басқармасының бастығы

Педагог мәртебесін заңмен бекіту арқылы Мемлекет басшысы ұстаздың қазіргі қоғамдағы маңызды рөлі мен атқаратын қызметін нақты айқындап беріп, қоғамдағы ұстаз лауазымының, ұстаз қадірінің қашанда жоғарыда екенін тағы бір көрсетті. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы ұстаздар қауымының тынысын ашып, көкжиегін кеңейтті, саналы ұрпақты тәрбиелеу

ұлттың көкірек көзін ашып, санасына сәулесін түсіретін, ұлттық рухын көтеріп, ұлттық дүниетаным көкжиегін кеңейтетін алып тұлға. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деп ұлт тәрбиесін білім беру саласымен тығыз байланыста қарастырудың маңызын ашып көрсеткен.

педагогикалық білім беру көшбасшысы, жаңа формациядағы педагогтар дайындайтын инновациялық алаңға айналады.

Құндылықтары: «Abai University педагог-ғалымдары, қызметкерлері мен студенттері ұжымның әрбір мүшесінің дамуы үшін жағдай жасайтын мынадай құндылықтармен бөліседі: кәсібилік, жауапкершілік, адалдық, ұйымшылдық, студенттік

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛАҒАТҚА ТОЛЫ ҰЛЫ ІС

жолында бар ынта-жігерімен сапалы еңбек етіп, келешекте қазақ қоғамының игілігіне қызмет ететін бірегей тұлғалар тәрбиелеу ісін алға қойды. «Педагог мәртебесі туралы» Заң білім ордасындағы мұғалімге де, білім алушыға да тиімді болып, білім сапасын арттыруға зор мүмкіндік береді.

«Ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады» деген халық даналығынан ұстаздың қоғамдағы орнымен қатар, шеберлігін, өмірлік ізденісін, ұлы мұрат жолындағы игілікті миссиясын айқындайтын құндылықты аңғаруға болады. Дарынды, шығармашыл, талантты әрі талмай ізденіс жолында жүретін көкірегі ояу, жаңашыл ұстаздан білім алған ойлы шәкірттің санасы сергек, рухы биік болары хақ. Осы тұста адамзаттың ақылман ақыны Абайдың:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз, - деген өлең жолдары ойға оралады.

Мыңдаған шәкірттердің санасын оятып, үлкен өмірге дайындау «инемен құдық қазғандай» еңбекті қажет етеді. Күн сайын өз білімін жетілдіріп, әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа ақпаратты әртүрлі тәсілдермен жеткізу қажет. Ұстаздық жол өскелең ұрпаққа танымдық, тағылымдық тұрғыдан қызықты әрі сапалы білімді тиімді ұсыну үшін қажырлы еңбек пен уақытты қажет етеді. Біздің мақсатымыз - Жаңа Қазақстандағы жас ұрпақты болашағы жарқын, рухы асқақ, отаншыл, ұлтжанды тұлға етіп тәрбиелеу.

Біз мәңгілік елдің алашшыл жастарын қазақ руханиятының қайнар бұлағынан сусындатып, бойына адамгершіліктің іргетасын қалап, бірлік пен берекеге, отаншылдық пен асқақ рухқа, ізгілікке негізделген білім мен тәрбиенің дәнін егудеміз. Мұндай қызығы мен қиыншылығы, бейнеті мен зейнеті, машақаты мен жетістігі бірге жүретін жауаркершілігі мол жұмысты қатар алып жүру тек нағыз ұстаздың ғана қолынан келері анық. Осы орайда хәкім Абайдың: «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға», - деген даналығын еске түсіргеніміз орынды. Тағылымға толы бұл сөздің астарында ақиқат жатыр.

Ал ұстаздың қоғам алдындағы зор беделі нақты бір ережелермен өлшенетін, жеңіл әрі түсті жасалатын жұмыстың нәтижесі емес. Әрдайым тәрбиелеп отырған шәкіртінің тұлғалық дамуымен, жеткен жетістігімен, қоғамда бір кірпіш болып қаланып, азат еліне адал қызмет етуге бағыттайтын әрі жемісін көрсетуді талап ететін тынымсыз атқарылатын қызмет пен ерен еңбектің, есепсіз төгілген маңдай терінің нәтижесі. Ұстаздың қоғамдағы рөлі шәкіртінің өмірден өз орнын тауып, қазақ қоғамына, елі мен жеріне тигізер пайдасымен, кісілігі зор тұлға ретінде қалыптасу сапасымен бағалануы тиіс.

«Ұстаз - адам жанының инженері», - деген қағидаға сүйенсек, әрбір ұстаз танымы терең, тарихи мыңжылдықтар қойнауында жатқан, әлемде өзінің алып кеңістігі бар қазақ деген ұлттың ұрпағын еліміздің келешегі көркем болуына өзіндік үлесін қосатын саналы, иманды етіп тәрбиелеуге күш салуы керек. Демек, ұстаз -



Ахмет Байтұрсынұлы жас ұрпаққа білім берудегі әдістеменің пайдасын, «аз болса да, саз» етіп үйретудің тиімділігін: «Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал» деп түсіндіреді. «XXI ғасыр - білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс», - деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, қазақ жоғары білімінің қасиетті қара шаңырағы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті бұл істің үдесінен шығып, бүгінде білім - ғылым - тәрбие сынды құндылықтар ұштағанын насихаттайтын қасиетті орда.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 1928 жылғы қазан айында негізі қаланған еліміздегі алғашқы жоғары оқу орны. Ғасырға жуық тұрлаулы тарихы бар білім ордасының ұлт руханиятында алатын орны айрықша. Алғаш құрылған күннен бастап бүгінге дейін қоғам өмірінің барлық салаларында қызмет ететін білікті мамандар даярлауда. «Мақсатсыз халық жүгенсіз» деген тәмсілге сай, жоғары білімнің қара шаңырағы саналатын оқу орнының мақсатты стратегиялық бағдарлы жолы, өзіндік миссиясы, пайымы айқын, құндылығы жоғары. Жоғарыда тілге тиек еткен үш құндылықты темірқазық ретінде ұстанған стратегиялық бағыт-бағдары бар.

Ордалы оқу орнының негізгі миссиясы: «Біз озық әдістемелер, ұлттық мұра және әлемдік тәсілдер негізінде заманауи білім беру қажеттіліктерін алдын ала болжай білетін педагогтарды дайындаймыз. Біз мұғалім мамандығының беделін арттырамыз және адами капиталды дамытудың драйвері боламыз».

Пайымы: «Абай университеті 2029 жылы Орталық Азиядағы

центризм, шығармашылық, көшбасшылық, икемділік».

Жоғары білім беру жүйесінің көш басында тұрған білім ордасы аталған бағытта болашақ ұстаздар, кәсіби мамандар даярлап, білім бәйгесіне қосуда озық тәжірибе мен үздік нәтиже көрсетіп келеді. Бұл бағытта ұлт үшін қалтқысыз қызмет еткен ұстаздар қауымының еңбегі зор және төккен тері әрқашан жоғары марапатқа лайықты. «Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген хәкім Абайдың қанатты сөзі ұстаз мәртебесінің биіктігін айшықтайды.

Ойымызды Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының: «Ұстаз - ұлық емес, ұлы қызмет» деген ғибратты сөзімен түйіндесек, ұлт үшін осындай жауапкершілігі мол, қажырлы қызметті абыроймен атқарып, халықтың жарқын болашағына үлес қосу - ұлағатты ұстазға ғана тән құнды қасиет пен өміршең өнеге. Отандық педагогтердің кәсіби мерекесіне орай барша әріптестерге шынайы түрдегі ізгі лебіздіміз арнап, келешегінің кемелі әрі көркем болуы жолында талмай қызмет етіп жүрген ұстаздар қауымына күш-қуат пен мықты денсаулық, жемісті жетістікке толы толайым нәм шығармашылық табыс тілейміз! Ұлағатты ұстаздық жолындағы игілікті ісіңіз берекелі, мұратыңыз асыл болсын дейміз!

Болат ТІЛЕП,

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы - Ректор

МӘДЕНИ МҰРА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МҰРА НЫСАНДАРЫН ҚОРҒАУ БАСТАМАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Абай атындағы ҚазҰПУ-да ЮНЕСКО-ның қорғауындағы Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын қорғау бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының отырысы өткізілді. Жиын Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен өтті.



Іс-шара аясында министр Аида Балаева Абай рөліне тоқталып, оларды жастар арасында кеңінен университетінің басшылығымен кездесіп, оқу насихаттау қажет екенін айтты.

орнының тыныс-тіршілігімен танысты. Сондай-ақ Кездесу барысында Аида Балаева Қазақстанның университет түлектерінің шығармашылық және тарихи-мәдени мұрасын сақтау мен насихаттаудың қолөнер туындылары қойылған мұражайды маңызына тоқталып, бұл кездесу Бүкіләлемдік мұра аралады. Тарихи тереңде жатқан спорт түрі - «Хан тізіміне енгізілген нысандарды қорғау бойынша Дойбы» ойынына арналған көрмеге ерекше назар аударылды. Министр Қазақстанда ұлттық спорт басты қадам екенін атап өтті. Ол жұмыс тобының түрлерін насихаттаудың маңыздылығына және мүшелерін болашақ ұрпақ үшін ұлттық мұраны олардың еліміздің мәдени мұрасындағы маңызды қорғау мен сақтауға бағытталған ұсыныстар әзірлеу-

ге және іс-шараларды жүзеге асыруға белсенді және мәдени мұра саласындағы мамандарды қатысуға шақырды.

Отырыста ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Конвенциясын жүзеге асыруға қатысты маңызды мәселелер, жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда, оның сондай-ақ ұлттық мәдени мұраларды сақтауда ішінде Қазақстанның Жоғарғы Жібек жолы туындайтын сын-қатерлер мен мүмкіндіктер бойындағы (Сығанақ, Жетіасар, Қаялық және т.б.) талқыланды. Қатысушылар қоғамда жиі қолданыла- айшықты ескерткіштерін зерттеу, реставрациялау тын «Бейзатық» және «материалдық емес құнды- және мұражайландыру жұмыстары қарастырылады. лықтар» терминдері туралы пікірлерін білдіріп, Қазақстанның мәдени мұрасын ел ішінде де, Қазақстандағы мәдени мұра нысандарын қорғау шетелде де танымал етуге арналған Абай орталықта- жүйесін жетілдіру шараларын талқылады. Талқылау рының халықаралық және ұлттық желісі, сондай-ақ барысында тарихи және мәдени мұраны қорғау мен Қазақстанның тарихи-мәдени және материалдық дамытуға бағытталған жаңа бастамалар ұсынылып, емес мәдени мұрасын көрсететін «Цифрлық қатысушылар осы саладағы озық тәжірибелер форматтағы мұра» веб-порталы құрылды.

«Арнайы топтың жұмысын күшейтіп, оны өскелең ұрпақ арасында қазақтың мәдениетін, салт-дәстүрін көрсететін ұлттық құндылықтарды тиімді насихат- тауға бағыттау қажет. Ұрпақтар сабақтастығын қамта- масыз ету, ұлттық кодмыздың элементтерін зерделеу және оларды дұрыс пайдалану, сондай-ақ ұсынымдар мен нақты ұсыныстар әзірлеу маңызды», - деді министр.

Отырыс соңында ұсынылған шараларды орындау, барлық мүдделі тараптардың күш-жігерін үйлестіру және материалдық емес мәдени мұраны қорғау бағдарламасын жүзеге асыру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуде алдағы қадамдар талқыланды.

Жоба аясында елімізде алғаш рет білім беру, ақпараттық-әдістемелік жұмыс және материалдық біліктілігін арттыру мәселелері көтерілді. Тарихи

Б. ЖҰМЫНҰЛЫ

ТӘЖІРИБЕ

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБА



Абай университеті мен Алматы қаласындағы «EPG PROMETHEUS SCHOOL» мектебінің «Бастауыш білім беру бизнес-инновациялармен» бірінші курс студенттерін дуальды оқыту жайлы ұшжақты келісім шартқа қол қойылды. Бұл маңызды қадам еңбек нарығында талап етілетін академиялық білім мен практикалық дағдыларды біріктіретін мамандар даярлаудың жаңа форматын дамытуға бағытталған.

Бастауыш білім беру кафедрасы (кафедра меңгерушісі Азия Жумабаева) мектептің жұмыс тобымен бірқатар кездесулер өткізді. Өндірістік оқыту жоспарын дайындауға кафедра тарапынан: профессор Лебедева Лариса және Ақпаева

Әсел, мектеп тарапынан: академиялық директор Маркина Марина, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Черкасская Елена және директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Усманжанова Гүлнара қатысты.

Мектеп және факультет әкімшілігімен кездесу барысында студенттерге олардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. «EPG PROMETHEUS SCHOOL» студенттерге оқытудың заманауи технологиялары мен әдістемелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл жоғары білікті маман даярлауға ықпал етеді.

Педагогика және психология факультетінің деканы Абаева Ғалия студенттерге қол қойылған

келісім шарттарды беріп, олардың кәсіби қалыптасу жолына табыс тіледі.

«Бастауыш білім беру АКТ-мен» мамандығының 3 курс студенттері «NGS (Эн Джи Эс) жаңа ұрпақ мектебі» мектебінің базасында өндірістік оқытудың үшінші жылын жалғастыруда. 2022-2023 оқу жылында Abai University KazDual - «Қазақстанда дуальді жүйені енгізу» жобасы шеңберінде (жобаға сілтеме: EO 618835-EPP-1-2020-1-KZ-EPPKA2-CBHE-SP, іске асыру мерзімі: 15.01.2021-14.01.2024) Erasmus+ бағдарлама бойынша пилоттық жобаны іске қосқан болатын.

Мектептің дуальді бағдарламасының кураторы Бекмұратова Раушан және бастауыш білім беру кафедрасының профессоры Ақпаева Әсел әзірлеген өндірістік оқыту жоспары көшпелі семинарлар сериясын, «Сабақ беріп көру» кіріктірілген практикасын және мектеп базасындағы «Жас мұғалім мектебінде» оқытуды қамтиды. Мектеп директоры Хисамутдинова Рената, Педагогика және психология факультетінің деканы Абаева Ғалия мен кафедра меңгерушісі Жумабаева Азия 2024-2025 оқу жылына арналған дуальді оқыту жоспарын бекітті.

Дуальді оқыту мамандарды даярлаудың әлдеқайда танымал форматына айналуға және ұшжақты келісім шартқа қол қою қатысушылардың білім беру үдерісін дамытуға және жетілдіруге деген ұмтылысын дәлелдейді.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ҚҰМАР ОЙЫН
ҚОҒАМ ДЕРТІ

Абай атындағы ҚазҰПУ-да Психологиялық қолдау қызметінің ұйымдастыруымен «Құмар ойын - қоғам дерті!» тақырыбында студенттермен профилактикалық кездесу өтті. Кездесуге Математика, физика және информатика факультетінің 1-4 курс студенттерінен 200-ден аса студенттер қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты - студенттердің құқық бұзушылықтар мен бұзақылықтың, интернет-алаяқтықтың, нашақорлықтың және есірткінің таралуының, сондай-ақ оларды құмар ойындарға, деструктивті ағымдарға тартудың алдын алу. Кездесу барысында студенттерді қауіпті дерттен оңалтатын орталықтармен, құқықтық көмекпен және психологиялық қолдау қызметімен таныстырылды. Кездесуді спикер «Возрождение Life» орталығының директоры, психолог Ұлболсын Зинаханова жүргізді.

Аталған іс-шарада студенттер құмар ойындарға, оның алдын-алу жолдарына байланысты сұрақтарын мамандарға қойып, тұшымды жауаптарын алды.

Саида ҚОСБАЙ,

Психологиялық қолдау бөлімінің басшысы

МӘЖІЛІС

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР»
БІРЛЕСТІГІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

Шымкент қаласында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы оқу-әдістемелік бірлестігінің кеңейтілген мәжілісі өтті.



Мәжіліске ҚР ҒЖБМ-нің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрайымының орынбасары Гүлжан Джарасова, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың академиялық қызмет жөніндегі проректоры Бану Нарбекова, Ұлттық тест орталығының директоры Болатбек Абдрасилов, «Teach For Qazaqstan» қоғамдық қорының директоры Гульнара Салменова, BMG UpSkill жобалық менеджері Нұрсұлу Сүлейменова, Хамк университетінің аймақтық өкілі Қарлығаш Жолдасова және педагогикалық бағыттағы университеттердің өкілдері қатысты. Сондай-ақ, қатысушылар арасында шетелдік университеттердің өкілдері, атап айтқанда Афина қаласындағы Ұлттық Каподостриан университетінің инклюзивті білім беру саласындағы профессоры Анастасия Влахоу, Хамк университетіндегі Педагогикалық мектебінің өкілі, KZEMP/DS-02 жобасының директоры Маарет Вискари болды.

Кеңейтілген мәжілісте спикерлер педагогтарды даярлауға арналған 30 жаңа инновациялық IP білім беру бағдарламасын пилоттық енгізу нәтижелері тақырыбын талқыланды. Қазақстан мен дүниежүзіндегі педагогикалық білім берудің өзекті мәселелерін, Республикадағы педагогика ғылымының ілгерілеуі, Қазақстанның жоғары оқу орындарында педагогикалық кадрларды даярлауда инновациялық әдістерді қолдану мәселелері көтеріліп, өзекті мәселелер бойынша өзара пікір алмасылды.

Баспасөз қызметі

МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

БІЗДІҢ СТУДЕНТ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
КОНКУРСТЫҢ 1 ОРЫН ИЕГЕРІ

2023-2024 оқу жылының соңында Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері арасында орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы ғылыми конференция өткізген еді. Университетішілік конференция негізінде «6B01705 - Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті Динара Серикова бірінші орынды иеленді. Нәтижесінде Динара Серикова Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті базасында өткізілген студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық дәстүрлі конкурсында (СҒЗЖ) өз жұмысын қорғап, 1 орынды иеленіп қайтты.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сүйене отырып, Динара мен оның ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж. Б. Ибраева «Эдгар Аланның «Алтын қоңыз» әңгімесінде басты кейіпкер - Уильям Леграндтың данышпандығы мен ақылсыздығы» («Гениальность и сумасшествие главного героя - Уильяма Леграна - в рассказе Эдгара Алана по «Золотой жук») тақырыбында зерттеу дайындап, жұмыстарын Атырау университетіне электронды және баспа нұсқаларында жіберді. Жұмыстарды тексеру «Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» бағыты бойынша пәндік комиссияның сарапшыларымен жасырын түрде іске асырылды.

Конкурстан жүлделі оралған студентімізді және оның ғылыми жетекшісі Ж. Б. Ибраеваны Абай университетінің ғылыми-зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан жеңісімен құттықтап, университет дипломы мен бренд өнімдерін табыс етті.

Өз тілшімізден

Әзіл

Билеттегі үш сұрақтың үшеуіне де жауап бере алмай, омалып отырған студентке профессор:
—Тым болмаса студенттер өте жиі қолданатын үш сөзді айтып берші, айналайын, соған-ақ «3» қоя салайын, — дейді.
Студент әрі ойланып, бері ойланып, таба алмапты да:
—Кешіріңіз, мұны білмедім, — депті.
Сөйтсе, профессор:
—Жарайсың! Әжел сынақ кітапшанды! — деген екен.

АДАМНЫҢ АДАМШЫЛЫҒЫ —
ЖАҚСЫ ҰСТАДАН

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Т.Дүйсенованың 2024 жылы Еңбек күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Абай университетінде «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» тақырыбында танымдық іс-шара ұйымдастырылды.

Филология факультеті қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының ұйымдастыруымен Ұстаздар күніне орай өткізілген іс-шарада доцент Бауыржан Сейдахмет дәріс оқыды. Сондай-ақ, «6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-ші курс студенттері дайындаған «Ойшылдармен кеңес» журналы таныстырылды.

Іс-шараға Алматы қаласы Білім басқармасының №81 мектеп-гимназиясы, Ш.Уалиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназиясының мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Шараның тағылымдық, танымдық мәні зор болды.



МЕНШІК ИЕСІ:
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ
Көркемдеуші-дизайнер
Нұрбол ЖЕТИГЕНОВ
Акерке ЫСҚАҚ
фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның
мекен-жайы: 050010
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі,
30-үй, № 323-бөлме.
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 224
Индекс 65285
Таралымы 1000
• Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдірмейді.
• Редакцияға түскен материал
қайтарылмайды.

«ҰЛАҒАТ» баспасының
баспаханасында басылды

Баспа директоры
Тағат ӘЛИАСҚАРОВ

Баспаның мекен-жайы:
050010

Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 30 - үй.